

**«Еркіншілік ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ -нің  
«Абай» клубы 2024-2025 оқу жылында атқарған іс-шаралары туралы  
есепі**

«Абай » клубының жобасы мектеп оқушыларын Абай шығармашылығының ұлттық әдебиетіміздің өркендеуіне жасаған идеялық-көркемдік ықпалын жан-жақты саралай отырып, терең ұғындырып, Абайдың тарихи, ғылыми құнды нәтижелерін танып білуге, насихаттауға баулиды.

**«Абай» клубының мақсаты:** Қазақтың бас ақыны Абайдың өмірі мен шығармашылығын рухани құндылықтар арқылы жас ұрпақ бойына сіңіру. Абай шығармалары арқылы оқушы дүниетанымдық ой-өрісін кеңейту. Абай мұрасын оқыту арқылы шығармашылықпен айналысатын, рухани дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласындағы ойлармен үндестігін түсіндіру; олардың шығармашылық қабілеттерін, эстетикалық талғамдарын, мәдениетін дамыту.

«Еркіншілік ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-де «Абай» клубы өз жұмысын үздіксіз жалғастырып келеді. Балаларда қызығушылық танытуда. Өздеріне берілген тапсырманы уақытылы орындап, клуб жұмысына өз үлестерін қосып келеді.

2024-2025 оқу жылында қыркүйек айында клуб мүшелері сайланып, жоспарға сай іс-шаралар өз ретімен өткізілуде. Қазан айында 2-5 сыныптар арасында « Абай деп соққан жүректер» атты шығарма сайысы өткізіліп, бастауыш сынып оқушылары белсенділік танытты. Алдағы уақытта да жоспар бойынша іс шаралар өз жалғасын таба бермек.